

## "Павлодар қаласы кәсіпкерлік және ауыл шаруашылық бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ережені бекіту туралы

Павлодар облысы Павлодар қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 3 сәуірдегі № 474/1 қаулысы

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабы 2-тармағына, 37-бабы 8-тармағына, Қазақстан Республикасының "Мемлекеттік мүлік туралы" Заңының 18-бабы 8) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 01 қыркүйектегі "Мемлекеттік органдар мен олардың құрылымдық бөлімшелерінің қызметін ұйымдастырудың кейбір мәселелері туралы" № 590 қаулысына сәйкес Павлодар қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Павлодар қаласы кәсіпкерлік және ауыл шаруашылық бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі - ММ) туралы ереже осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін

2. "Павлодар қаласы кәсіпкерлік және ауыл шаруашылық бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы Ережені бекіту туралы" Павлодар қаласы әкімдігінің 2024 жылғы 10 шілдедегі № 266-1945-01-ММ қаулысының күші жойылды деп танылсын (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 198765 болып тіркелген).

3. "Павлодар қаласы кәсіпкерлік және ауыл шаруашылық бөлімі" ММ қолданыстағы заңнамаға сәйкес, осы қаулыдан туындайтын қажетті шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары К. Қ. Беготаеваға жүктелсін.

5. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн еткен соң қолданысқа енгізіледі.

Павлодар қаласының әкімі

Х. Хабылбеков

Павлодар қаласы әкімдігінің

2025 жылғы "03" сәуірдегі

№ 474/1 қаулысына

қосымша

**"Павлодар қаласы кәсіпкерлік және ауыл шаруашылық бөлімі" мемлекеттік мекемесі туралы ЕРЕЖЕ**

1. Жалпы ережелер

1. "Павлодар қаласы кәсіпкерлік және ауыл шаруашылық бөлімі" мемлекеттік мекемесі кәсіпкерлік және ауыл шаруашылық салаларындағы басшылықты жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының мемлекеттік органы болып табылады.

2. "Павлодар қаласы кәсіпкерлік және ауыл шаруашылық бөлімі" мемлекеттік мекемесінің ведомстволары жоқ.

3. "Павлодар қаласы кәсіпкерлік және ауыл шаруашылық бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституациясына және заңдарына, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

4. "Павлодар қаласы кәсіпкерлік және ауыл шаруашылық бөлімі" мемлекеттік мекемесі мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Елтаңбасы бейнеленген мөрі және атауы мемлекеттік және орыс тілдерінде жазылған мөртабандары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары бар.

5. "Павлодар қаласы кәсіпкерлік және ауыл шаруашылық бөлімі" мемлекеттік мекемесі азаматтық-құқықтық қатынастарды өз атынан жасайды.

6. "Павлодар қаласы кәсіпкерлік және ауыл шаруашылық бөлімі" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес уәкілеттік берілген жағдайда ол мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқылы.

7. "Павлодар қаласы кәсіпкерлік және ауыл шаруашылық бөлімі" мемлекеттік мекемесі өз құзыретінің мәселелері бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен басшының бүйіректерімен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдер қабылдайды.

8. "Павлодар қаласы кәсіпкерлік және ауыл шаруашылық бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

9. Заңды тұлғаның орналасқан жері: 140000, Қазақстан Республикасы, Павлодар облысы, Павлодар қаласы, Кривенко көшесі, 25.

10. Мемлекеттік органдың толық атауы:

мемлекеттік тілде "Павлодар қаласы кәсіпкерлік және ауыл шаруашылық бөлімі" мемлекеттік мекемесі.

орыс тілінде: Государственное учреждение "Отдел предпринимательства и сельского хозяйства города Павлодара".

11. Осы Ереже "Павлодар қаласы кәсіпкерлік және ауыл шаруашылық бөлімі" мемлекеттік мекемесінің құрылтай құжаты болып табылады.

12. "Павлодар қаласы кәсіпкерлік және ауыл шаруашылық бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметін қаржыландыру Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жергілікті бюджеттен жүзеге асырылады.

13. "Павлодар қаласы кәсіпкерлік және ауыл шаруашылық бөлімі" мемлекеттік мекемесіне кәсіпкерлік субъектілерімен "Павлодар қаласы кәсіпкерлік және ауыл шаруашылық бөлімі" мемлекеттік мекемесінің өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысынан шарттық қарым-қатынас жасауға тыйым салынады.

Егер "Павлодар қаласы кәсіпкерлік және ауыл шаруашылық бөлімі" мемлекеттік мекемесіне заңнамалық актілермен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда алынған кіріс, егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше белгіленбесе, мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

## **2. Мемлекеттік органдың мақсаттары мен өкілеттіктері**

14. Мақсаттары:

1) кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы салаларын дамытудың басым өңірлік бағдарламаларын әзірлеу, оларды іске асыруға қатысу;

2) Павлодар қаласының аумағында кәсіпкерлік қызмет пен ауыл шаруашылығын дамыту үшін жағдайлар жасау;

3) агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес мемлекеттік, салалық (секторалдық), өңірлік бағдарламалармен мемлекеттік қолдауды жүзеге асыру және қала тұрғындарының қажеттілігін қанағаттандыру үшін ауыл шаруашылығы өнімдерін өткізуге жәрдемдесу;

4) Павлодар қаласының аумағында мемлекеттік сауда саясатын жүргізу;

5) бау-бақша кооперативтерінің жұмыстарын үйлестіруді жүзеге асыру, бау-бақшалардың одан әрі дамуына жәрдемдесу;

6) кәсіпкерлер үшін әкімшілік кедергілерді азайту жұмыстарын жүргізу;

7) құзыреті шегінде аттракциондарды, балалардың ойын алаңдарына арналған жабдықты қауіпсіз пайдалануды қамтамасыз ету.

15. Өкілеттіктері:

1) құқықтары:

1.1) "Павлодар қаласы кәсіпкерлік және ауыл шаруашылық бөлімі" мемлекеттік мекемесінің алдына қойылған міндеттерді орындауға байланысты мәселелер бойынша мемлекеттік органдардан және өзге де үйымдардан, лауазымды адамдардан қажетті ақпаратты, құжаттар мен өзге де материалдарды өтеусіз негізде сұрату және алу;

1.2) жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы органдардың үйымдастырушылық қызметін жетілдіру бойынша Павлодар қаласы әкімінің және әкімдігінің қарауына ұсыныстар енгізу;

1.3) келісім шарттар, келісімдер мен өзге де заңды мәмілелер жасасу;

1.4) Қазақстан Республикасының Конституциясында, Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан Республикасының Үкіметі, жоғары тұрған мемлекеттік органдар қабылдайтын өзге де нормативтік құқықтық актілерде көзделген өзге де құқықтарды жүзеге асыру.

2) міндеттері:

2.1) мемлекеттік мекеменің ұйымдастырушылық, құқықтық, ақпараттық-талдамалық жұмысын жүзеге асыру және оны материалдық-техникалық қамтамасыз ету;

2.2) Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызмет туралы заңнамасын іске асыру, қаланың мемлекеттік органдары жүйесінде кадрлардың біліктілігін арттыру;

2.3) Қазақстан Республикасының Конституциясында, Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан Республикасының Үкіметі, жоғары тұрған мемлекеттік органдар қабылдайтын өзге де нормативтік құқықтық актілерде көзделген өзге де міндеттерді жүзеге асыру.

16. Функциялары:

1) жеке кәсіпкерлікті қолдау мен дамытудың мемлекеттік саясатын іске асыруды жүзеге асыру;

2) жеке кәсіпкерлікті және ауыл шаруашылығын дамыту үшін жағдайлар жасау;

3) өнірлерде мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру және орындау үшін жауапкершілікті қамтамасыз ету және атқару;

4) шағын кәсіпкерлікті қолдаудың өнірлік бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру;  
;

5) жергілікті атқарушы органдардың жеке кәсіпкерлік субъектілерінің бірлестіктерімен және нарықтық инфрақұрылым объектілерімен өзара қарым-қатынастарын дамыту стратегиясын айқындау;

6) сараптамалық кенестердің қызметін ұйымдастыру;

7) жеке кәсіпкерлікті және шаруа қожалықтарын жергілікті деңгейде мемлекеттік қолдауды қамтамасыз ету;

8) кәсіпкерлік пен өнеркәсіпті мемлекеттік қолдауды жүзеге асыруға бағытталған шараларды әзірлеу және іске асыру;

9) өнеркәсіп және кәсіпкерлік салаларына инвестициялар тартуға жәрдемдесу, инвестициялық және инновациялық жобалар тізбесіне ұсыныстар қалыптастыру;

10) тиісті аумақта инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау саласындағы мемлекеттік саясатты қалыптастыруға және іске асыруға қатысу;

11) агроөнеркәсіптік кешен субъектілеріне мемлекеттік агроөнеркәсіптік саясатын негізгі бағыттары мен тетіктерін түсіндіру жұмыстарын жүргізу;

12) агроөнеркәсіптік кешен және ауылдық аумақтар саласында жедел ақпарат жинау;

13) жергілікті мемлекеттік басқару мүддесінде Қазақстан Республикасының заңнамасымен жергілікті атқарушы органдарға жүктелетін өзге де өкілеттіктерді жүзеге асыру;

14) өз құзыреті шегінде әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына рұқсат етілген шекті бөлшек сауда бағалары мөлшерінің сақталуына мемлекеттік мониторингті жүзеге асыру;

15) өз құзыреті шегінде:

- Қазақстан Республикасының "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Кодексінің 199-бабы (бірінші, екінші және үшінші бөлігі) бойынша хаттамалар жасау;

- Қазақстан Республикасының "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Кодексінің 455-бабы (бірінші, екінші, үшінші, төртінші және бесінші бөлігі) бойынша хаттамалар жасау;

- әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына рұқсат етілген шекті бөлшек сауда бағаларының мөлшері асып кеткен кезде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұзу;

- белгіленбеген орындардағы сауда саласында Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұзу;

- ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді ұтымсыз пайдалану немесе пайдаланбау саласында Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұзу;

- кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыру және тұқым шаруашылығы саласында қызметтер көрсету кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзу;

- мақта саласын дамытуда Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзу;

- әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына сауда ұстемесінің мөлшері асып кеткен кезде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұзу;

- азық-түлік тауарларының өндірлік тұрақтандыру қорларын қалыптастыру және пайдалану кезінде Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын бұзу саласындағы әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша іс жүргізуді жүзеге асыру;

16) тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауылшаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылыш машиналары мен механизмдерін, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды кепілге қоюды мемлекеттік тіркеу;

17) тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, өздігінен жүретін ауылшаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылыш машиналарын, сондай-ақ жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды басқару құқығына емтихандар қабылдау және күәліктер беру;

18) тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда,

олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауылшаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылыш машиналары мен механизмдерін, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды мемлекеттік тіркеу;

19) тракторларды және олардың базасында жасалған өздігінен жүретін шассилер мен механизмдерді, монтаждалған арнаулы жабдығы бар тіркемелерді қоса алғанда, олардың тіркемелерін, өздігінен жүретін ауылшаруашылық, мелиорациялық және жол-құрылыш машиналары мен механизмдерін, жүріп өту мүмкіндігі жоғары арнайы машиналарды жыл сайынғы мемлекеттік техникалық қарап-тексеруден өткізу;

20) АТМТ (Ауылшаруашылық техникасын мемлекеттік тіркеу), МДБ (Мемлекеттік деректер базасы), Е-лицензиялау электрондық базасын жүргізу, жоғары тұрған сатыларға қажетті есептер, мемлекеттік органдардың сұрауларына, сондай-ақ заңды және жеке тұлғалардың өтініштері мен арыздарына жауаптар дайындау және ұсыну;

21) Павлодар қаласында туристік кластерді дамытуға жәрдемдесу;

22) аттракциондардың, балалардың ойын алаңдарына арналған жабдықтың қауіпсіз пайдаланылуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

23) Қазақстан Республикасының Конституциясында, Қазақстан Республикасының заңдарында және Қазақстан Республикасының Президенті, Қазақстан Республикасының Үкіметі, жоғары тұрған мемлекеттік органдар қабылдайтын өзге де нормативтік құқықтық актілерде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асыру.

### **3. Мемлекеттік органдың бірінші басшысының мәртебесі, өкілеттіктері**

17. "Павлодар қаласы кәсіпкерлік және ауыл шаруашылық бөлімі" мемлекеттік мекемесін басқаруды бірінші басшы жүзеге асырады, ол "Павлодар қаласы кәсіпкерлік және ауыл шаруашылық бөлімі" мемлекеттік мекемесіне жүктелген міндеттердің орындалуына және оның өз өкілеттіктерін жүзеге асыруына дербес жауапты болады.

18. "Павлодар қаласы кәсіпкерлік және ауыл шаруашылық бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалады және лауазымнан босатылады.

19. "Павлодар қаласы кәсіпкерлік және ауыл шаруашылық бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалатын және лауазымнан босатылатын орынбасары болады.

20. "Павлодар қаласы кәсіпкерлік және ауыл шаруашылық бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысының өкілеттіктері:

1) Мемлекеттік мекеме туралы ережені Павлодар қаласы әкімдігінің бекітуіне ұсынады;

2) Қазақстан Республикасының Зандарын, Қазақстан Республикасы Президентінің, Үкіметінің актілерін, қала әкімдігінің қаулыларын орындау жұмысын үйімдастырады, жоғары тұрған органдарды олардың орындалу барысы туралы жүйелі түрде хабардар етеді;

- 3) бұйрықтар шығарады;
- 4) мемлекеттік мекемеде сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша шаралар қабылдайды;
- 5) мемлекеттік мекемеде сыйбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл бойынша міндеттерді орындауға дербес жауапты болады;
- 6) "Павлодар қаласы кәсіпкерлік және ауыл шаруашылық бөлімі" мемлекеттік мекемесінің атынан сенімхатсыз әрекет етеді;
- 7) мемлекеттік органдарда, өзге де ұйымдарда "Павлодар қаласы кәсіпкерлік және ауыл шаруашылық бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мүддесін білдіреді;
- 8) заңнамада белгіленген жағдайларда және шектерде мүлікке билік етеді;
- 9) заңнамада белгіленген тәртіппен келісім шарттар жасасады;
- 10) сенімхаттар береді;
- 11) "Павлодар қаласы кәсіпкерлік және ауыл шаруашылық бөлімі" мемлекеттік мекемесінің актілеріне қол қояды;
- 12) "Павлодар қаласы кәсіпкерлік және ауыл шаруашылық бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерін лауазымға тағайындауды және атқаратын лауазымынан босатады;
- 13) "Павлодар қаласы кәсіпкерлік және ауыл шаруашылық бөлімі" мемлекеттік мекемесі қызметкерлерінің міндеттері мен құрылымдық бөлімшелерінің функцияларын айқындайды;
- 14) "Павлодар қаласы кәсіпкерлік және ауыл шаруашылық бөлімі" мемлекеттік мекемесінің қызметкерлерін көтермелеген шараларын қабылдайды және оларға тәртіптік жаза қолданады;
- 15) өзіне заңнамамен және осы Ережемен жүктелген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

"Павлодар қаласы кәсіпкерлік және ауыл шаруашылық бөлімі" мемлекеттік мекемесінің бірінші басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын тұлға жүзеге асырады.

21. Бірінші басшы өз орынбасарының өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес айқындайды.

#### **4. Мемлекеттік органдың мулкі**

22. "Павлодар қаласы кәсіпкерлік және ауыл шаруашылық бөлімі" мемлекеттік мекемесінің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

"Павлодар қаласы кәсіпкерлік және ауыл шаруашылық бөлімі" мемлекеттік мекемесінің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде

сатып алған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

23. "Павлодар қаласы кәсіпкерлік және ауыл шаруашылық бөлімі" мемлекеттік мекемесіне бекітілген мүлік коммуналдық меншікке жатады.

24. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, "Павлодар қаласы кәсіпкерлік және ауыл шаруашылық бөлімі" мемлекеттік мекемесінің өзіне бекітілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне берілген қаражат есебінен сатып алған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жок.

## **5. Мемлекеттік органды қайта ұйымдастыру және тарату**

25. "Павлодар қаласы кәсіпкерлік және ауыл шаруашылық бөлімі" мемлекеттік мекемесін қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.